

#3-4

(1017-1018)

31 қаңтар

2025 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



ISSN 2074-899X



9 772074 899002

@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

t Jasqazaq

f Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

ҚҚС: 20%?

«БҮГІНДЕ ЕЛІМІЗДЕ ТІРКЕЛГЕН 2 МИЛЛИОН 300 МЫҢНАН АСТАМ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ 137,7 МЫҢЫ ҒАНА ҚҚС ТӨЛЕЙДІ, БҰЛ ЖАЛПЫ САНЫНЫҢ 6 ПАЙЫЗЫ ҒАНА. ОЛАРДЫҢ ІШІНДЕ НАҚТЫ ҚҚС ТӨЛЕЙТІНДЕР 88 МЫҢ НЕМЕСЕ БАРЛЫҚ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРДІҢ 4 ПАЙЫЗЫ.

НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРДІҢ БІРІ — ҚҚС БОЙЫНША ТІРКЕУ ШЕГІНІҢ ЖОҒАРЫ БОЛУЫ (78 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ). СОНДЫҚТАН ҚҚС ШЕГІН 15 МИЛЛИОН ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН ТӨМЕНДЕТУДІ ҰСЫНАМЫЗ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА ОСЫ ШЕКТЕ ШОБТЫҢ 80 ПАЙЫЗЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ. СОНДЫҚТАН БҰЛ ШАРА ОЛАРДЫҢ КӨПШІЛІГІНЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ ӘСЕР ЕТПЕЙДІ.

Серік ЖҰМАНҒАРИН,
Премьер-министрдің
орынбасары – ұлттық
экономика министрі



✓ BRENT \$76,76

✓ USD 520 T

✓ EUR 542 T

✓ RUB 5.27 T

«ҚАЗІР ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАП ЖАТЫР. ЖАҢАНДЫҚ ҮДЕРІСТЕР, ЕҢ АЛДЫМЕН, ЕЛІМІЗДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛЫНА ӘСЕРІН ТИГІЗЕТІНІ АНЫҚ. ЖАППАЙ ЦИФРЛАНДЫРУ ДӘУІРІ, ЯҒНИ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КЕЗЕҢ БАСТАЛДЫ. КҮЛЛІ ӘЛЕМ МҮЛДЕМ БАСҚА ЖАҒДАЙДА ӨМІР СҮРЕДІ. БІЗ СОҒАН МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ДАЙЫН БОЛУЫМЫЗ КЕРЕК. ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛҒА САҚАДАЙ САЙ ТҰРУЫМЫЗ ҚАЖЕТ. БҰЛ — ЕЛІМІЗДІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРЫП, ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНА ЖОЛ АШАТЫН АСА МАҢЫЗДЫ ФАКТОР».

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫНДА ОСЫЛАЙ ДЕДІ.

Қасым-Жомарт Тоқаев инвесторды іздеуге, қолдауға және қорғауға қатысты жұмыстың бәрін жүйелі жүргізетін біртұтас экожүйе құру қажеттігін атап өтті. Бұл жұмыс барлық деңгейде, яғни аймақта, орталықта және шетелде бірдей атқарылуы керек. Осы орайда шетелдік және отандық инвесторларға қатысты ұстаным бірдей болуы қажет. Мемлекеттің қолдауына ие болған компанияларға тиісті талап қойылуы керек. Олар жұмыс орындарын сақтауға, өндірісті жаңғыртуға тиіс. Сонымен бірге экология талаптарын мүлтіксіз орындауға міндетті.

Мемлекет басшысы елімізде ірі өнеркәсіп жобаларын іске қосу

НАҚТЫ НӘТИЖЕ КЕРЕК.

Мемлекет басшысы өзекті мәселелер талқыланған жиында Үкімет пен әкімдер жұмысының тиімділігі ең алдымен экономиканың даму көрсеткіштері және азаматтардың тұрмыс сапасына қарай бағаланатынын атап көрсетті.

Таяу арада жүзеге асырылатын міндеттің бірі – экономиканы әртараптандыру. Өткен жылы өңдеу өнеркәсібі саласында 180 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Жобалардың жалпы құны – 1,3 триллион теңге. Соның нәтижесінде осы саладағы өсім 6 пайызға жуықтады. Бұл – соңғы он жылдағы ең жоғары көрсеткіш. Президент осы жақсы үрдісті біржола орнықтырып, сақтап қалу керектігін айтты.

Тағы бір маңызды мәселе – экономикаға инвестиция тарту.

Президент: «БҰҰ мәліметтеріне сәйкес, Қазақстан бұл көрсеткіш бойынша айтарлықтай табысқа қол жеткізген. Дегенмен тоқмейілсуге негіз жоқ.

Инвесторлардың мәселесін шұғыл шешу үшін Инвестиция штабы құрылды. Соның арқасында бюрократиялық кедергілер мен құқықтық қарама-қайшылықтар жойылып, кейбір жобаларды тезірек жүзеге асыруға жол ашылды. Алайда басты мақсат – «жекелеген» проблемаларды ғана шешпей, елдегі тұтас инвестициялық ахуалды жақсарту», – деді.



Мемлекет басшысы инвестициялық жобаларды дайындауда ведомствоаралық үйлестіруге әлі де көп уақыт кететінін ескертті. Сондықтан Үкімет басы артық бюрократиядан арылып, жылдам қимылдауы керек.

Озық технологияға негізделген және сыртқы нарыққа арналған жобаларды әдетте шетел инвесторлары ұсынады. Былтырғы 9 айда елімізге 12,7 миллиард доллар тікелей шетел инвестициясы тартылды. Бұл 2023 жылдың дәл сондай кезеңімен салыстырғанда 36 пайызға кем.

жұмыстары баяу жүріп жатқанын сынға алды. Мұны активтерді қазынаға қайтару ісімен қатар жүргізу қажет. Елімізде орта буынға жататын көшбасшы компаниялар шоғырын қалыптастыру міндеті әлі де өзекті. Үкімет биылғы маусым айының соңына дейін келешегі зор әрбір орта кәсіпорынның жұмыс жоспарын әзірлеуі тиіс.

Президент көлік-логистика инфрақұрылымына да тоқталып өтті: «Транзит – жүк тасымалына қатысты халықаралық бәсекедегі біздің орасан зор артықшылығымыз. Мұны толық әрі тиімді пайдалануымыз керек.

Қазақстан арқылы өтетін темір жол дәлізін дамыту жұмысын тездету қажет. Бұл жоба Транскаспий бағдарының негізгі бөлігі болмақ. Осы бағыттағы маңызды жобалардың біразы қазір жүзеге асырылып жатыр. Алдын ала қамданып, жұмысты тоқтатпай, жалғастыра беру керек».

Мемлекет басшысы «Мойынты – Қызылжар» бағытында жаңа теміржол құрылысын бастау, Қызылжар бекетінен Ақтау портына дейінгі күре жолдың қозғалысы аса көп учаскелерін жаңғырту жөнінде тапсырма берді. «Алтынкөл – Жетіген» теміржолын да кеңейту Қытай мен Орталық Азия арасындағы көлік дәлізінің әлеуетін



СОНДА ҒАНА ДАМУ БОЛАДЫ

едәуір арттырады. Президент: «Теміржол тасымалын цифрландыру жобаларын уақтылы аяқтау маңызды. Мультимодальды көлік тораптарын дамытуға баса мән берген жөн. Сол арқылы тасымалдың барлық түрін өзара кіріктіруге мүмкіндік туады. Биыл және келесі жылы осы бағытта ауқымды жұмыстар атқарылуы тиіс», – деді.

Қасым-Жомарт Тоқаев энергетиканы дамыту және ядролық кластер құру қажеттігін атап көрсетті. Еліміз өзін-өзі электр қуатымен толық қамтамасыз етіп, 15-20 пайыз шамасында резерв қалыптастыруы тиіс. Алдағы екі жылда кемінде 3 гигаваттық жаңа қуат көздерін іске қосу қажет. Бұл – алдыңғы жылдардың көрсеткішінен 2,5 еседей артық меже.

Президент: «Біздің көміртегі бейтараптығына қол жеткізу туралы стратегиялық бағдарымыз өзгермейді. Алайда оны жүзеге асыруға барынша байыппен, салмақты түрде қараған жөн. Біз қолда бар табиғи байлықтарымыз бен мүмкіндіктерімізді ұтымды пайдалануымыз қажет. Сондықтан әлдеқашан ескірген технологиялар бойынша салынған ЖЭС-терді инновациялық көмір стансалары алмастыруы керек.

Қытай мен Оңтүстік Кореяда зиянды шығарындылары аз, жаңа буын көмір стансалары табысты жұмыс істеп тұр. Өкінішке қарай, кезінде Балқашта көмір электр

стансасы салынбай қалды. Соның кесірінен біз мықты қуат көзінен айрылып қалдық. Ал ондай станса бізге қазіргі таңда артық болмайтын еді», – деді.

Мемлекет басшысы энергия тапшылығы артып келе жатқандықтан, алғашқы Атом электр стансасының құрылысын тездету қажеттігін атап айтты: «Жалпы елімізде ядролық кластер құру ісін қолға алу керек. Бұл еліміздің болашақта ойдағыдай дамуына қатысты аса маңызды міндет.

Үкіметке «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, атом саласын дамытудың ұзақ мерзімге арналған жоспарын әзірлеуді тапсырдым. Нақты нәтиже керек. Жан-жақты талдау жүргізіп, атом электр стансаларын салуға барынша қолайлы жерлерді, сондай-ақ заманауи және қауіпсіз технологияларды анықтау қажет.

Үкімет пен Парламент екінші ядролық стансаны қай аймақта салу қажет екені жөнінде маған ұсыныс беруі керек. Бірақ атап өткім келеді: елімізге ядролық қуат керек, онсыз Қазақстан келешекте ойдағыдай дами алмайды.

Қуат дегеніміз – бүкіл экономиканың дамуы деген сөз. Екіншіден, қуат жеткілікті болса, барлық аймақтар гүлденіп, өркендей түседі, халықтың тұрмысы жақсарады. Бұл – айдан анық».

Мемлекет басшысы агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін арттыру, ауылды

дамыту, салық-бюджет саясатын реформалау, әлеуметтік қолдау ісін реттеу, денсаулық сақтау, білім беру саласын одан әрі дамыту мәселесіне тоқталды. Президент: «Мен бүгін Үкімет жұмысының басты бағыттарын айқындап бердім. Бұл – ірі инфрақұрылым жобалары, цифрландыру және жасанды интеллект, ядролық энергетиканы дамыту, агроөнеркәсіп кешенін нығайту және инвестиция тарту мәселелері.

Экономикамыз дамып жатыр. Бірақ оның қарқыны ойдағыдай емес. Алдымызда ауқымды міндеттер тұр. Оны алдағы бес жылда орындауымыз керек. Бізге, ең алдымен, білікті және ел мүддесін ойлайтын отаншыл кадрлар керек. Дәл осындай мамандарды тауып, оларды басшылық лауазымдарға тағайындаймыз.

Бүгін біз еліміздің 2024 жылғы даму нәтижесін қарадық. Қордаланған мәселелерді талқылап, алдағы міндеттерді айқындадық. Басты мақсат – азаматтардың әл-ауқатын арттыру. Алдағы жоспардың бәрін сапалы орындау қажет», – деді.

Мемлекет басшысы барлық жұмыста нақты нәтиже керек екенін баса айтты:

«Нәтиже болса ғана даму болады».

НЕСИЕ ҚАМЫТЫ

(2024 ЖЫЛ, ТЕҢГЕ)

ТҰТЫНУ НЕСИЕСІ



6,2 млн адам ➔
36,9 млн кепілсіз
тұтыну несиесі ➔
10,6 трлн



ИПОТЕ- КАЛЫҚ НЕСИЕ

134 мың адам ➔
136,8 мың ➔
жалпы сомасы
➔ **2,2** трлн

АВТО- КӨЛІК НЕСИЕСІ



214 мың адам ➔ **228,4** мың
➔ **1,8** трлн



НЕСИЕ
ҚАМЫТЫН
СҮЙРЕТКЕНДЕР
9 млн адам ➔
24,1 трлн



**АСТАНА ҚАЛАЛЫҚ СОТЫНЫҢ
АЗАМАТТЫҚ ІСТЕР ЖӨНІНДЕГІ
СОТ АЛҚАСЫ ЖУРНАЛИСТЕР
ТОБЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНЕ
ҚАТЫСТЫ ТАЛАП ҚОЮЫ
БОЙЫНША АЗАМАТТЫҚ ІСТЕР
ЖӨНІНДЕГІ АУДАНАРАЛЫҚ
СОТТЫҢ ШЕШІМІНЕ
АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ ШАҒЫМЫН
ҚАРАДЫ.**

Қалалық соттың Телеграм-каналындағы мәлімет бойынша, талап қоюшылар министрдің 2024 жылғы 20 тамыздағы «Журналистерді (бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері) аккредиттеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 4-тармағы, сондай-ақ 26 тамызда ресми жарияланған Үлгілік қағидалардың 11-тармағының 1) тармақшасы бөлігінде нормативтік-құқықтық актілерді заңға қайшы және жарамсыз деп тануды сұрады.

2024 жылғы 11 қарашадағы соттың шешімімен талап қоюды қанағаттандырудан бас тартылды.

Апелляциялық шағымда талап қоюға ұқсас, аккредиттелген журналистке аккредиттеу алынған БАҚ-та ғана ақпарат тарату мүмкіндігін белгілейтін Ережеде көзделген шартпен келіспеушілік білдірілді.

Олардың пікірінше, осы шартты екі және одан да көп рет бұзу журналисті 6 айға тұрақты аккредиттеуден айыруға әкеп соғады. Бұл басқа БАҚ-та, онлайн-платформаларда, әріптестерімен, достарымен әңгімелесулерде (чаттарда) ақпарат таратуға байланысты сөз бостандығына құқықты шектейді.

Сондай-ақ бұйрықтың 2024 жылғы 20 тамыздан бастап, яғни оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелгенге және ресми жарияланғанға дейін қолданысқа заңсыз енгізілгені туралы көрсетілген.

Ағымдағы жылғы 23 қаңтарда апелляциялық тәртіппен қарау



ЖУРНАЛИСТЕР АККРЕДИТАЦИЯСЫ СӨЗ БОСТАНДЫҒЫН ШЕКТЕМЕЙДІ

нәтижелері бойынша шешім өзгеріссіз, талап қоюшылардың апелляциялық шағымы қанағаттандырысыз қалдырылды.

Алқа бірінші сатыдағы соттың министрліктің Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген журналистердің құқықтарын шектемей, аккредиттелген журналистердің ақпарат алу және тарату тәртібі қағидаларын даулы тармақта реттеу туралы тұжырымдарымен келісті.

Өз кезегінде, министрлік уәкілетті орган ретінде белгілі бір БАҚ-тан аккредиттелген журналистің жарияланатын әрбір бұқаралық ақпарат құралынан аккредитация алу міндетін айқындады.

Осылайша, ақпаратты өзге тәсілмен, оның ішінде әлеуметтік желілерде таратуға тыйым салмай, Қағидалардың жоғарыда аталған шарты барлық БАҚ журналистеріне тең шарттарда ақпарат беруді қамтамасыз етеді.

2024 жылғы 20 тамыздан бастап Ережені қолданысқа енгізу арқылы талап қоюшылардың құқықтарын бұзу туралы деректер анықталған жоқ.

Бұдан басқа, министрдің нормативтік-құқықтық бұйрығын қолданысқа енгізудің өзге мерзімін белгілеу мүмкіндігі құқықтық актіде көзделген жағдайларда «Құқықтық актілер туралы» Заңның 42-бабының нормаларына қайшы келмейді, тиісінше Қағидалардың жарамсыздығына әкеп соқпайды.

Еске салсақ, өткен жылғы қарашада Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық соты 12 журналистің мәдениет және ақпарат министрлігіне қатысты нормативтік-құқықтық актілердің төменде көрсетілген бөліктерін заңға қайшы және жарамсыз деп тану туралы талап қою бойынша істі қараған болатын. Сот бұл талапты қанағаттандырудан бас тару туралы шешім қабылдады.

Сот қорытындысы бойынша, аккредиттеу қағидалары сөз бостандығына конституциялық құқықты шектемейді. Тек аккредиттелген журналистердің ақпарат алу және тарату тәртібін реттейді.



ОСЫ АПТАДА ӨТКЕН ҮКІМЕТ САҒАТЫНДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРІ АҚМАРАЛ ӘЛНАЗАРОВА МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУДЫҢ ЕНГІЗІЛУІ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЛЕМІН 3 ЕСЕ, ЯҒНИ 1 ТРЛН-НАН 2,9 ТРЛН ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН ҰЛҒАЙТУҒА МҮМКІНДІК БЕРГЕНІН АЙТТЫ.

Министр: «Бұл саланың көптеген бағытын қаржылық ресурстармен барынша толықтырды. Оның ішінде дәрігерлердің жалақысы 2,3 есе өскендігін айтып кеткен жөн, – дейді.

Ал Мәжіліс депутаттарының өз айтары бар. Мәселен, Дәния Еспаева соңғы үш жылда денсаулық сақтауға шығыстың 2,8 есе артқанын, ал халықтың қызметтердің сапасына қанағаттану деңгейі 47 пайызға дейін төмендегенін алға тартты. «Денсаулық сақтау министрлігі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру нәтижелерінің бірі саналатын диагностикалық қызметтердің тұрақты өсіп жатқаны туралы үнемі есеп береді. Олардың деректері бойынша консультациялық-диагностикалық қызметтер саны, компьютерлік және магниттік-резонанстық томография қызметтерінің саны 7 есе өскен», – дейді Еспаева.

Алайда диагностикалық қызметтердің өсуі ауруды ерте анықтауға ешқандай әсер етпеген. Кей жағдайда бұл қызметтер қажеттіліктің жоқтығына қарамастан тағайындалған.

Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов те міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесін қатаң сынға алды. Оның айтуынша, бұл жүйе қазіргі уақытта өз мақсатына жетпей, азаматтардың сенімінен айрылуда.

«Қазіргі таңда медициналық сақтандыруға төленетін жарналар мен төлемдер «денсаулыққа салынатын қарапайым салыққа» айналып отыр. Сақтандыру қоры денсаулық сақтау министрлігінің

МАЙШЕЛПЕККЕ АЙНАЛҒАН МӘМС

банкіне айналып кеткендей әсер қалдырады. Азаматтар мен дәрігерлер тұрақсыз және ойластырылмаған реформалардың құрбанына айналды», – дейді депутат.

Оның айтуынша, қазіргі жүйенің нәтижесінде медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасы айтарлықтай төмендеді. МӘМС жүйесі азаматтар алдында өз беделін түсіріп алды. Бұл жүйеге деген сенім жоғалып барады.

А.Аймағамбетов: «Бір жағынан, қаражаттың жетіспеушілігі байқалады. Екінші жағынан, емдеу тарифтері сапалы медициналық қызмет көрсетуге мүмкіндік бермейді. Оның үстіне, осы қаражаттың өзі көп жағдайда тиімсіз жұмсалады. Бұл мәселелер тек денсаулық сақтау министрлігінің жауапкершілігімен шектелмейді. Біз бұл жағдайдың ұзақ мерзімді, жүйелік мәселелердің салдары екенін нақты түсінуіміз керек.

Бұл жүйелік мәселелерді де жүйелі түрде шешу қажет. Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір ұстанымдары мен шешімдеріне келіспейтін жерлеріміз болса да, біз конструктивті диалогқа және бірлесіп жұмыс істеуге дайынбыз», – деді.

Мәжіліс депутаты МӘМС жүйесі медицина мекемелері

үшін ақша жасаудың құралына, былайша айтқанда майшелпекке айналғанына үш мысал келтірді.

«МӘМС бойынша бес айлық баланың тісін кариестен емдеген. Бес айында әлі тісі шықпаған баланың тісін қалай емдеуге болады?

Тағы бір адамның 82 тісі емделген және соған қаражат төлесін деп қорға тиісті есеп берген.

Бір күнде бір аурухана бір адамға 32 қызмет көрсеттік деп есеп толтырған. Мұндай мысалдар өте көп. Неге? Өйткені МӘМС бойынша енгізілген қаржыландыру жүйесінің өзі артық қызмет көрсету мен қосып жазуға итермелейді. Себебі қаражат әр емделген жағдай үшін емес, әр қызмет үшін төленеді. Нормативтер жоқ, цифрландыру жоқ. Ал клиникалық протоколдар мен тиісті стандарттар бұлыңғыр және ашық емес», – дейді депутат.

Жоғары аудиторлық палата да МӘМС-тен бұзушылықтар анықтады. Жоғары аудиторлық палатаның мүшесі Нұрлан Нұржанов Үкімет сағатында аудиттің қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтар мен негізгі мәселелерге тоқталды.

Аудит қорытындысы қор активтерінің үдемелі өсуін көрсетті. 2022 жылы активтердің түсімі 1,2 трлн теңгені құраса, 960 млрд теңгесі пайдаланылды.

Нұрлан Нұржанов: «2023 жылы активтердің түсімі 1,4 трлн теңгеге дейін ұлғайып, оның 1 трлн теңгесі пайдаланылды. Қордың инвестициялық табысы 2022 жылғы 66,7 млрд теңгеден, 2023 жылы

113,4 млрд теңгеге дейін өсті, комиссиялық сыйақысының да үдемелі өсуі байқалады.

Алайда қордың қолданыстағы Қаржы моделінің болжамына сәйкес, таяудағы 5 жылда

кезінде қаржы құралдары бойынша сыйақының орташа мөлшері 13,5 пайыздың орнына 11 пайызға дейін төмендетіліп есептелген.

Шығыс болжамына келетін болсақ, Медициналық сақтандыру жүйесіне

болатынына сенімді. Министр Ақмарал Әлназарованың айтуынша, жыл соңына дейін бірыңғай ақпараттандыру жүйесінің базасының мемлекеттік базасы қалыптасады. Оған дейін ше?



Медициналық сақтандыру жүйесінің ағымдағы дамуы оның тұрақсыздығына әкеп соғады деп қарастырылды. Нақтырақ айтсақ, қордың болжамды түсімі мен шығысына сәйкес, 2026 жылға қарай жыл сайынғы шығысы түсімнен асып, қор 2031 жылдан бастап міндеттемесін орындай алмайды деп есептеліп отыр», – деді.

Аудит нәтижесі қордың жасаған қаржылық моделінде бірқатар кемшіліктердің бар екендігін көрсетті.

«Қор регламентіне қайшы келетін қаржылық моделінің түсімдерін қалыптастыру кезінде демографиялық болжамның орнына халықтың орташа өсімі қолданылғаны анықталды, сондай-ақ инвестициялық табысты есептеу

қатысы жоқ, Тегін кепілдендірілген медициналық көмек есебінен қаржыландырылатын шығыстарда қарастыратын көрсеткіштерді;

– нақты орындалған шығыстардың орнына жоспарлы мәндерді;

– медициналық қызметтерге арналған шығыстарды қаржыландыруға пайдаланылмайтын резервтерді қарастыруға қатысты кемшіліктер анықталды. Қысқасы, жүргізілген аудит 2022-2023 жылдарға арналған қаржы моделінің кіріс және шығыс бөлігі жалпы көлемі 351 млрд теңгеге дұрыс қалыптастырылмағанын анықтады.

Денсаулық сақтау министрлігі бірыңғай ақпараттық жүйе іске қосылғанда МӘМС қаржысын тиімді жұмсауды реттеуге

Медицина мекемелері қанша қаржыны қалтаға басып үлгереді? Рас, оған тосқауыл қою үшін қаңтардан бастап Face ID пайдалану арқылы биометриялық тексеру қолға алынып жатыр. Алайда ол әлі пісіп-жетілмеген шикі жоба болғандықтан, емханаларда қандай да бір қиындық тудыруда. Екіншіден, биометриядан өткен күннің өзінде көрсетілмеген қызметті қосуға ол қалай кедергі бола алмайтынын аңғару қиын емес.

Осындай түйткілдерді тез арада шешудің орнына денсаулық сақтау министрлігі жалақысы 850 мың теңгеден асатын азаматтардың МӘМС-ке төлейтін жарнасын көбейтуді көздейді.

ОСЫ АПТАДА «ДИКИЙ АРМАН» АТАНЫП КЕТКЕН АРМАН ЖҰМАГЕЛДИЕВ ПЕН ОНЫҢ ЖАҚТАСТАРЫНА СОТ ҮКІМІ ШЫҚТЫ. ҚАРАЛЫ ҚАҢТАРДАН КЕЙІН ҮШ ЖЫЛ ӨТКЕНДЕ ҚОҒАМДА САН ҚИЛЫ ПІКІР ТУДЫРҒАН ОСЫ БІР ІСКЕ НҮКТЕ ҚОЙЫЛДЫ.

Еске түсірсек, 2022 жылдың 7 қаңтарында ішкі істер министрлігі Алматыда қылмыс әлемінің серкесі Дикий Арманның ұсталғаны туралы хабарлады. Оның тобына қатысы бар деген бес адам ұсталды.




Фото: ашық дереккөз

тізгіндеген Ысқақов Жұмагелдиевпен байланыс орнатады.

ҰҚК тарапынан қолдауға ие болған Жұмагелдиев ел аумағында, сондай-ақ одан тыс жерде өз ықпалын күшейтуді көздейді. Сөйтіп қылмыстық ұйым құруға кіріседі. Ол жүйкесі мықты, қылмыстық қудалаудан қорықпайтын, күш-қуаты тасыған бұрынғы таныстарын айналасына жинайды. Жұмагелдиевтің қылмыстық тобындағы мүшелер бірнеше аймақта әрекет етіп, тікелей өзіне бағынған.

ҚАҢТАРДА ҚОЙ ТЕРІСІН ЖАМЫЛҒАНДАР...

2023 жылдың 5 қаңтарында Бас прокурор Берік Асыллов Мәжіліс отырысында сөз сөйлеп, Арман Жұмагелдиев қаңтар кезінде Ұлттық қауіпсіздік комитеті кураторының жетекшілігімен әрекет еткенін мәлімдеді.

2022 жылдың 22 сәуірінде Алматы қалалық мәслихатының депутаты Қайрат Құдайберген күдікке ілініп, қамауға алынды.

Қылмыстық іс 2023 жылдың қыркүйегінде қарала бастады. Сот істі жабық есік жағдайында өткізу туралы шешім қабылдады.

Алматы өңірлік көлік прокуратурасының аға прокуроры Мұхит Рысбеков Арман Жұмагелдиевтің қорғаушылары оны халық қаһарманы етіп көрсетуге тырысқанын айтады. «Сот істі шамамен бір жыл бойы қарады. Осы уақыт ішінде Жұмагелдиевтың қорғаушылары оны сот және қоғам алдында өз елінің патриоты,

қаңтардағы қайғылы оқиға кезінде адамдарға көмектесіп, оларды қорғаған халық қаһарманы ретінде көрсетуге тырысты. Жұмагелдиев пен оның қорғаушылары белсенді әрекет етіп, оны ақтауға тырысқанына қарамастан, оның 2016 жылы, сол оқиғалардан бұрын, қылмыстық әлемнің өзі секілді өкілдері кіретін бандамен қаруланған қылмыстық ұйымды басқарғаны дәлелденді», – дейді ол.

Аға прокурордың мәліметінше, «Дикий Арман» бандасының мүшелері Алматының Республика алаңында және басқа аудандарында әрекет еткен.

Сотта анықталған істің мән-жайы үкім шыққан күні-ақ жария етілді. Қаңтар кезінде Дикий Арман мен оның сыбайластары не істеді? Азкем соған тоқталайық.

Сотта белгілі болғандай, 2016 жылы ҰҚК 5-ші Департаменті басшысының орынбасары қызметін

Ал Ысқақов басқарған ҰҚК бөлімшесі Жұмагелдиевпен бәсекелес бірнеше ұйымдасқан қылмыстық топты жояды. Сотта Ысқақов тарапынан Жұмагелдиев тобының заңсыз іс-қимылына ешқандай тосқауыл қойылмағандығы айтылды.

2017 жылдың желтоқсанында Дикий Арман Түркияда отырып-ақ қарауындағы қылмыстық топты басқарады. Оқта-текте ұйымдағы құрылымдық бөлімше басшыларын ел ішінде, сондай-ақ Түркия мен БАӘ-де жинап отырған.

Қылмыстық топ ықпал ету аумағын ұлғайтып, қаржы тарту бағытында тұрақты түрде жұмыс жүргізеді.

Мәселен, 2021 жылдың маусымында топ мүшелері Түркістан облысында тұратын адамның өз таныстарына 25 млн теңге қарыз екенін біледі. Жұмагелдиев тобының мүшелері әлгі борышкерді соққыға

жығып, Шымкент қаласындағы қонақ үйдің 6-шы қабатынан лақтырамыз деп қорқыту арқылы 25 млн теңгені қайтаруға мәжбүрлейді. Ол соманың 12 млн теңгесін өздері алады.

Сотта келтірілген дерек бойынша, 2022 жылдың басында Ысқақов, Жұмагелдиев, мәслихаттың бұрынғы депутаты Құдайберген билікті күшпен басып алу мақсатында жаппай тәртіпсіздік ұйымдастыруға білек сыбанып кіріседі.

Айта кету керек, Дикий Арман елге 2021 жылдың желтоқсанында келіп алады.

қатысушыларды біріктіріп, билікке өз талаптарын қою үшін «Халық кеңесі» формасында бейконституциялық орган құру болды. Еске түсірсек, 2022 жылы Қаңтар оқиғасы кезінде әлеуметтік желіде Дикий Арманның қарақұрым топ алдында қолын сермеп, сөз сөйлеп тұрған бейнежазбасы тараған болатын. Сол кезде ол халықтың қамын ойлаған батыр болып көрінгісі келгені сотта әшкереленді.

Ал шындығында Жұмагелдиев тәртіпсіздікке қатысушылардың қатарын көбейту туралы шешім

қамауға алынғаннан кейін, Құдайберген қылмысын жасыруға тырысады. Алматыдағы жағдайды тұрақтандыру сылтауымен Жұмагелдиевке «Қазақстан» және The Ritz Carlton Almaty қонақ үйіне адамдарды сырттан әкеліп, күшпен ұстап тұруға нұсқау береді.

Сөйтіп 2022 жылы 6 қаңтардан 7-не қараған түні бейбіт тұрғындарды көшеден ұстап әкелген. Оларды аяусыз ұрып-соғып, жауап алып, әбден қорлаған. Кейбіреулерін ДВК экстремистік қызметіне қатысты, ұрлық жасады дегізіп, видеоға жазып алған.



Фото: tengrinews.kz

Қаңтар оқиғасы кезінде Құдайберген «Қазақстан» қонақ үйінде штаб құрып, оған Жұмагелдиевтің тобын шақырады. Осы арада отырып қарулы топ пен оларға қосылған адамдарды басқарады.

Сот 2022 жылдың 5 қаңтарында Жұмагелдиевтің бандасы мен оның жақтастары Алматыдағы Республика алаңына екі мәрте шыққанын анықтады. Олардың мақсаты жаппай тәртіпсіздікке

қабылдайды. Ол үшін Алматыға Шымкентте жүрген өз бандасының мүшелерін шақырады.

Сондай-ақ Құдайбергеннің «Қазақстан» қонақ үйінде спортшылар мен басқа адамдарды жинағаны сотта айтылды. Бұл әрекетін бизнес нысандарын қорғау үшін деп бүркемелегісі келсе де, Жұмагелдиев тобымен бірігуді көздегені анықталған.

2022 жылғы 5 қаңтардан 6-на қараған түні ҰҚК басшылығы

Мәселен, «The Ritz Carlton Almaty» қонақ үйі жанында Жұмагелдиев тобының 15 мүшесі өтіп бара жатқан машинені тоқтатып, ішіндегі бес адамды ұстайды. Біреуінің басынан балғамен ұрып, есінен тандырады. Қалғандарын қонақ үйдің жер асты автотұрағына апарып, ақшасы мен жеке мүлігін тартып алады. Жәбірленушілерді іш киіміне дейін шешіндіріп, соққыға жығады. Оған қоса, жаппай «тәртіпсіздіктерге қатысып, қарақшылық жасадым»



Фото: ашық дереккөз

Оған да әлеуметтік желіде, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға, митинг, пікірталас өткізуге, іс-шаралар ұйымдастыруға тыйым салынды.

• Журналист Бердах

Бердімұратов 7 жылға кесілді. Сот талқылауы барысында кейбір айыпталушыларға тағылған бірқатар айыптар қайта қаралды:

• Арман Жұмагелдиевке қатысты 11 баптың үшеуі алынып тасталды;

• Журналист Бердах
Бердімұратов пен Талғат

ҚАҢТАРДА ҚОЙ ТЕРІСІН ЖАМЫЛҒАНДАР...

деп сөйлетіп, мойындауға мәжбүрлейді. Оны видеоға түсіреді.

Сотта айтылғандай, Жұмагелдиевтің қылмыстық тобы 34 адамды ұстап, соққыға жыққан. Оның ішінде 24 жәбірленуші әлдебір ЖШС-ға тиесілі қоймаға қамалады. Сонымен қатар, «Алматыда тәртіп орнатамыз» деген сылтаумен, сондай-ақ өздерін билікке жақтас етіп көрсету үшін Жұмагелдиевтің тобы қалалық ТЖМ-ге өрт сөндіру мәшинесін қайтарады. Сондай-ақ 12-ші қалалық ауруханаға күзет қояды. Мұнымен де тоқтамай Алматы қаласы тұрғындарына азық-түлік таратуды ұйымдастырады.

Бірақ бастапқы мақсаты жүзеге аспай қалғандықтан, қой терісін жамыла қойған қарақшылардың арам ойы тез арада әшкере болды.

Олардың жазадан құтылып кетеріне сенімді болғаны сонша, қонақ үйде ұсталғанын көрсететін бейнежазбада жерде отырған Дикий Арманның өкініші бет-жүзінен анық байқалады.

Іс қылмыстық істер жөніндегі сот судьясы Асхат Әшірбековтың

төрағалығымен қаралды.

Сотталғандардың көбі жеңіл жазамен құтылды. Барлығы 40 адам, бір жылдан 15 жыл 6 айға дейін бас бостандығынан айрылды.

Іс бойынша негізгі айыпталушыларға қатысты сот оларды кінәлі деп танып, үкім шығарды:

• Арман Жұмагелдиев – 20 жылға бас бостандығынан айрылды. Оған түрлі ұйымдарға қатысуға, іс-шаралар ұйымдастыруға, бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде жазба жариялауға тыйым салынды.

• Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бесінші департаментінің бұрынғы басшысы Руслан Ысқақов 15 жыл алты айға сотталды.

• Қаржы полициясының бұрынғы агенті Талғат Махатов 15 жылға кетті.

• Мәслихаттың бұрынғы депутаты, кәсіпкер Қайрат Құдайберген 8 жылға бас бостандығынан айрылды.

Махатовтың оққағарларына тағылған «бандитизм» айыптары алынып тасталды;

• Қайрат Құдайбергенге қатысты төрт баптың екеуі ғана қалды.

Сот аяқталғаннан кейін Арман Жұмагелдиевтің қорғаушылары бұл айыппен келіспейтінін мәлімдеді. Үкім оқылғаннан кейін сөз алған Жұмагелдиевтің адвокаты Рена Каримова: «Бұл ұзақ процестің қорытындысын негізсіз, әділетсіз деп санаймыз. Әрине, біз апелляцияға береміз. Қорғауымыздағы адамның кінәсіздігін дәлелдейтін айғақтар сотқа толық берілді деп санаймыз. Сот біздің уәжімізге неге объективті баға бермеді, мұны үкімнің толық мәтінін алғаннан кейін айта аламыз. Процеске баға бере алмаймын, себебі ол жасырын режимде өтті, бірақ нәтижесіне көңіліміз толмайды», – деді.

Әрине, заң бойынша, сотталғандардың апелляцияға беруге құқығы бар.

БАЛАЛАР АРАСЫНДА ТЕЛЕФОН ОЙЫНДАРЫНА ТӘУЕЛДІЛІК ЖИІ КЕЗДЕСЕТІН ҚҰБЫЛЫСҚА АЙНАЛДЫ. БҰЛ МӘСЕЛЕГЕ ҚАТЫСТЫ ПСИХОЛОГ МӨЛДІР ТОҚЖАНОВА JAS QAZAQ-ҚА СҰХБАТ БЕРІП, ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ СЕБЕПТЕРІ, ОНЫҢ САЛДАРЫ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ ТУРАЛЫ ОЙ БӨЛІСТІ.

Мөлдір Тоқжанова телефон ойындарына тәуелділікті ағзадағы гормондық өзгерістермен байланыстырады. Оның айтуынша, бала ойын барысында жеңіске жеткен сайын ағзасы окситоцин сияқты «ләззат гормонын»



бөлшектеп шығарады. Осыдан бала ойыннан қуаныш, бақыт табуды үйренеді. Бірақ, күнделікті өмірде бала жеңіс сезімін басқа жерден сезінбесе немесе ата-ана тарапынан мақтау, қолдау көрмесе, ол эмоциялық орнын толтыру үшін ойынға тәуелді бола бастайды.

«Бұл тәуелділік есірткіге немесе алкогольге деген тәуелділікпен ұқсас сипаттарға ие. Сол себепті, ата-аналар балаларындағы мұндай әдетке бей-жай қарамауы керек», – дейді психолог.

Психолог баланың жынысына қарай тәуелділіктің салдары әртүрлі болатынын атап өтті. Ер балаларда ақыл-ой мен физикалық күш басым болғандықтан, олардың тәуелділігі көбінесе сенімсіздікке, агрессияға және қауіпті әрекеттерге алып келуі

мүмкін. Ал қыз балалар, керісінше, эмоцияға жақын болғандықтан, олар өздерін аяуға, өзгелер туралы көбірек ойлауға бейім болады.

«Ер балалардың ішкі жан дүниесі күрделі болғанымен, олар бір нәрсені ойлап шешсе, соны жүзеге асыруға тырысады. Сондықтан ата-аналар баланың эмоционалдық жағдайына ерекше назар аударуы тиіс», – деп кеңес берді маман.

Баланың өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту үшін ата-аналар шектеу қоюдың маңыздылығын түсінуі керек. Психологтың айтуынша, бұл тәртіп бала жасынан қалыптасуы тиіс:

«Бала шектен тыс нәрсені қалап, мысалы, бірден он конфет жеуге ұмтылса, ата-ана оған нақты шектеулер қоюы қажет.

«Екі конфет же, үшіншісі артық» деп, дұрыс таңдау жасауға үйрету керек. Осылайша, бала өз қалауын бақылауды үйренеді».

Ата-ананың дұрыс емес жазалау әдістері, мысалы, қарым-қатынасты ұзу немесе ұрсу, баланы одан сайын

ТЕЛЕФОН ОЙЫНДАРЫНА ТӘУЕЛДІ БАЛАҒА ҚАНДАЙ ЖАЗА ҚОЛДАНБАҒАН ДҰРЫС?

эмоционалдық қиындықтарға итермелейді. Оның орнына, ата-ана балаға жылы сөздермен, бірақ нақты шектеулермен бағыт көрсетуі тиіс.

Телефонға тәуелділікті шектеудің ең тиімді жолы – балаға позитивті әрекеттерді ұсыну. Психолог ойынның орнына кітап оқуға, табиғат аясында серуендеуге немесе шығармашылықпен айналысуға бағыттауды ұсынады.

«Баланы «қой дедім, миың ағып кетеді» деп қорқыту арқылы тәуелділіктен арылта алмаймыз. Оның орнына, «ақылды болу үшін кітап оқыық» немесе «бай болу үшін ақша жинайық» деп, мотивациялық бағыт беру тиімдірек», – дейді Мөлдір Тоқжанова.

Баланың телефонға деген тәуелділігі – ата-ананың бақылауы мен қолдауын қажет ететін маңызды мәселе. Эмоционалдық қолдау көрсету, шектеулерді орынды қою және баланы позитивті іс-әрекеттерге бағыттау арқылы тәуелділіктің алдын алуға болады.

Балаңыздың ойын әлеміне сіңіп кетуіне жол бермеңіз. Тек оның шынайы өмірдегі қуаныштарын көбейтуге көмектесу қажет.

Олжас ӘБДІХАЛЫҚ

УФА ҚАЛАСЫНДА ТҰРАТЫН САЛАВАТ ФИДАИ КӘДІМГІ ҚАРЫНДАШТЫҢ ҰШЫНДА МҮСІН СОМДАУМЕН АЙНАЛЫСАДЫ.



2014-2020 жылдары ол графиттен 500 микромүсін жасады.

Алғашқы туындылары грифелі 5 мм қарындаштан жасалса, кейін 2 мм қарындашты пайдалана бастады. Грифель диаметрі 0,55 мм және 0,35 мм қарындаш ұшында жасалған шедеврлері бар.




Фото: bstars.ru

ҚАРЫНДАШТЫҢ ҰШЫНДА...

Сурет: mirfactov.com



Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ
Гүлнар АХМЕТОВА
Директор

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер
Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Әбубәкір СМАЙЫЛОВ
Астанадағы меншікті тілші
Олжас ӘБДІХАЛЫҚ
редактор

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС
Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА
Редакцияның мекенжайы:
Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 114/85,
№214 кеңсе

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)